



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Бала ойлауы мен сөйлеуінің негізі
(екінші бөлім)





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Бала ойлауы мен сөйлеуінің негізі (екінші бөлім)

Ойлау мен сөйлеудің генетикалық негізі мәселесі бойынша адамға дейінгі ойлау мен сөйлеудің генетикалық жолын толық іздестірудің мүмкін еместігін көрдік.

Автор өз еңбегінде әлі күнге дейін жоғары сатылы маймылдарда адамдардағыдай тип пен түрдегі интеллектінің барлығын күмәнсіз белгілеуге бола ма деген негізгі сұрақ талас күйінде қалады деген ойын айтады да, тіпті Келердің зерттеулеріндегі шимпанзеге қатысты зерттеу де интеллект бар дегенді жоққа шығаруға жақын деген. Осы мәселені Келерден де бұрынырақ зерттеген және оны теріске шығарған Э.Торндайк та мінез-құлық түріне қарай маймылға жануарлар әлемінен жоғары орын тиесілі екенін айтады. М.В.Боровский сияқты басқа авторлар, дағдыдан жоғары, оның үстіне орналасатын және интеллект деген ерекше атауға ие мінез-құлықтың жоғары сатысын жануарларда жоқ деуге бейім. Олар үшін маймылдардың ақыл-ойының адамға ұқсастығы туралы сұрақ басқаша қойылуы керек.

Осы ретте Лев Семенович шимпанзенің мінез-құлқының жоғары түрі құралды пайдалануымен сипатталатындықтан, адам мінез-құлқының түп тамыры болып табылатындығы айқын деген пікірмен келіседі. Марксизм үшін Келердің ашқан жаңалығы қандай да бір кездейсоқтық болып табылмайды. Бұл туралы Маркс: «Еңбек құралын жасау мен оны пайдалану ең бастапқы формасында жануарлардың кейбір түріне тән болса да, адамның еңбек процесінің ерекше сипаттық белгісін құрайды», — дейді.

Тоты құстағы (мысал ретінде) сөйлеуді үйренуге деген жоғары қабілеттілік ондағы ойлаудың бастамаларының жоғары дамуымен ешқандай тікелей байланыста тұрған жоқ, сол сияқты, керісінше: жануар әлемінде бұл бастамалардың жоғары дамуы да сөйлеудің табыстарымен де ешқандай байланыста тұрған жоқ, Екеуі де өзінің ерекше жолдарымен жүреді және дамудың әр қилы жолдарымен іске асады дейді ғалым.

Лев Семенович баланың дамуында ойлау мен сөйлеудің генетикалық түп тамырының әрқалай болып келетіндігін айтады. Белгілі кезеңге дейін біз баланың интеллектіге дейінгі сөйлеуінің жетілуін де, оған тәуелсіз сөйлеуге дейінгі ақыл-ойдың пісіп жетілуін де бақылай аламыз. В.Штерннің айтуынша, дамудың екі жолында қиылысу жүреді де. Сөйлеу интеллектілі болады да, ойлау сөздік болады. Біз бұл жерден В.Штерннің баланың маңызды жаңалық ашуын көреміз дейді ғалым. Делакруа сияқты, кейбір зерттеушілер мұны мойындамайды. Бұл авторлар екінші жас шамасындағы сұрақтарға (4 жылдан кейінгі сұрақ: неге?) қарағанда бірінші жас шамасындағы балалардың сұрақтарының (бұл қалай аталады?) барлық мәнділігін және де, Штерн көрсеткендей, баланың «әр заттың өз атауы бар екенін ашуына» нұсқайтын белгінің мәні орын алатын құбылысты жоққа шығаруға бейім. А. Валлонның ойынша, бала үшін атау біршама уақытқа дейін заттың субституты емес, атрибуты болып келеді. Бір жастағы бала әр заттың атын сұрағанда өзі ашқан байланысты байқайды, бірақ еш нәрсе оның бір заттан келесі заттың атрибутын көрмей тұрғанын нұсқамайды. Тек сұрақтардың жүйелік топтап қорытуы ғана, істің кездейсоқ байланыстылығында емес, барлық заттар үшін белгіні іздейтін қызмет алдындағы бетбұрыс екенін көрсетеді».

Осы ретте Лев Семенович К.Коффканың екі көзқарас арасында орталық орынды алатынын байқағанын жазады. Ол бір жағынан Бюлердің ізімен баланың ойлап табуы мен бала тілінің қалыпты қызметін ашу мен шимпанзенің құралды ойлап табуы арасындағы ұқсастықты баса көрсетеді. Екінші жағынан, ол бұл ұқсастықты, сөздің заттар құрылымына енетіндігінен, бірақ белгінің функциялық мәніне енуі міндетті емес деп шектейді. Сөз заттар құрылымына оның басқа бөлімдері сияқты және олармен қатар енеді.

Осы мәселеге қатысты Лев Семенович келесі ойлары туралы айтады:

Біріншіден, біз 1 жастағы балаға саналы әрі жоғары сатылы дәрежеде күрделі ақыл-ой әрекеті мен сөйлеудің символдық қызметін жапсырудан оңай бас тартамыз, өйткені ол, жалпы айтқанда, мұндай жастағы баланың жалпы ақылдық деңгейіне сәйкес келіңкіремейді.

Екіншіден, біздің қорытындыларымыз, толық түрде сөзден де қарапайым белгіні функциялы түрде пайдалану бұл жастағы балада өте кеш, тіпті қол жеткізбейтіндігін көрсететін басқа да эксперименттік мәліметтермен сәйкес келеді.

Үшіншіден, біз өз қорытындыларымызды баланың сөйлеудің белгілік мәнін көпке дейін ұғынбайтынын және сөзді заттың бір қасиеті ретінде пайдаланатындығын көрсететін бала сөйлеуі психологиясының жалпы мәліметтерімен де үйлестіреміз.

Төртіншіден, мылқау балаларды сөйлеуге үйрету кезеңінің қалай өтетіндігін бақылаған Бюлердің сөзі бойынша, Штерн сілтейтін, калыптан ауытқыған (аномальды) балаларға жүргізілген бақылаулар «жаңалық емес, керісінше, осыған әкелетін «молекулярлық» 1 өзгерістер қатары жүретін секундті нақты айтуға болатындығын көрсетеді.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Бала ойлауы мен сөйлеуінің негізі (екінші бөлім)

Бесіншіден, бұл біздің алдыңғы тарауда эксперимент зерттеулер негізінде белгіленген, белгіні меңгерудің жалпы жолымен сәйкес келеді. Біз ешқашан мектеп жасындағы баладан да, белгіні функциялы пайдалануға бірден әкелетін тікелей жаңалықты байқай алмадық. Мұның алдында “аңғал психология» кезеңі, яғни белгімен әрекеттену процесі салдарынан баланы белгіні дұрыс функциялы пайдалануға алып келетін белгінің таза сыртқы құрылымын меңгеру кезеңі жүреді.

Сөзді заттың бір қасиеті ретінде қарастыратын бала сөздік дамудың тап осы кезеңінде болады.

Выготский сөйлеу мен ойлаудың онтогенезін қарастыру нәтижесін тұжырымдайды. Бұл жерде де сөйлеу мен ойлаудың генетикалық түп тамыры мен даму жолдары белгілі пунктке дейін әркелкі болады. Ішкі сөйлеудің дамуы сыбырлап сөйлеу немесе эгоцентрилік сөйлеу арқылы жүре ме, ол сыртқы сөйлеудің дамуымен бірге немесе оның жоғары сатысымен салыстырмалы түрде пайда бола ма, ішкі сөйлеу мен оған байланысты ойлауды мінез-құлықтың қандай да бір мәдени түрінің дамуындағы арнайы кезең деп қарастыруға бола ма деген маңызды сұрақтар фактілік зерттеулерде қалай шешілсе де, негізгі қорытынды одан тәуелсіз түрде сол күйінде қалады. Бұл қорытынды ішкі сөйлеудің ұзақ функциялы және құрылымды өзгерістерін сақтау жолымен дамидынын, оның баланың сыртқы сөйлеуінен сөйлеудің әлеуметтік және эгоцентрилік қызметінің бөлінуіне қатыссыз, бала меңгеретін сөздік құрылымдар оның ойлауының негізгі құрылымдарына айналатындығын білдіреді.

Осымен бірге, ойлау дамуының сөйлеуге, ойлау тәсіліне және баланың әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тәуелділігін білдіретін шешуші де негізгі дәлел табылды дейді автор. Ішкі сөйлеудің дамуы негізінен сырттай анықталады, Пиаженің зерттеуі көрсеткендей, бала логикасының дамуы — бұл оның әлеуметтенген сөйлеуінің тікелей қызметі. Баланың ойлауы сөйлеуден тәуелді түрде ойлаудың әлеуметтік тәсілдерін меңгеруге байланысты дамиды.

Ғалымның қорытындысы жануар әлемі мен ерте балалық шақта ерекше, бөлек жолдармен жүрген ішкі сөйлеу мен сөз түріндегі ойлаудың дамуын, сөйлеу мен ақыл-ойдың дамуын салыстырудан келіп шығады. Салыстыру, алғашқы даму келесі дамудың тікелей жалғасы еместігін және даму түрінің биологиялықтан қоғамдық-тарихилық болып өзгергендігін көрсетеді.

Лев Семенович сөз түріндегі ойлаудың мінез-құлықтың табиғи емес, қоғамдық-тарихи түрі болып келетіндігін және соған орай, ойлау мен сөйлеудің жаратылыстық түрінде ашылуға мүмкіндігі жоқ ерекше қасиеттер мен заңдылықтардың негізгі қатарымен ажыратылатындығын ашып көрсетеді. Бірақ ең бастысы, сөз түріндегі ойлаудың тарихи сипатын мойындай тұрып, мінез-құлықтың осы түріне тарихи материализм адам қоғамындағы барлық тарихи құбылыстарға тән бүкіл әдіснамалық қағидаларды иеленуі керек.

Алғашқы қауымдық қоғам эволюциясының көптеген проблемаларының ішінде тіл эволюциясының құрылу үрдісі - ең негізгілердің бірі. Адамның ойлауының пайда болуы мен дамуы жөнінде де ешқандай мәлімет жоқ. Шын мәнінде барлық мәлімет қосымша сипатта, сондықтан біз бұл мәліметі тек шартты түрде ғана қабылдауымыз керек. Адамның ойлау қабілеті қоғамдық ортаға тіл арқылы шығарылады. Тіл болмаса ешқандай ой да, ойлау үрдісі де болмайды. Жалпы алғанда, тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты үрдіс және ол коллективтік бірлескен еңбек үрдісін қалыптастыратын құрал болып табылады.

Барлық маймылдар, олардың ішінде адам тәріздестері де вокалданған жануарлар, олар үшін дыбыс шығару табиғи құбылыс. Бұл вокалдануда дыбыстардың екі түрі немесе дыбыстардың екі негізгі тобы болады. Осылардың ішіне қорқыныш, ашулану, т.б. сезімдерді білдіретін дыбыстар (олар әртүрлі жануарларда 20-дан 30-ға дейін болады). Сондай – ақ тіршілік шулары деп аталатын, маймылдардың үнемі шығаратын дыбыстары және олардың эмоционалдық күйлерімен байланысты дыбыстар. Бұл айтылған жағдайлардың барлығы негізгі емес қосымша дәлелдемелер болғанымен, ертедегі гоминидтердің дыбыс коммуникацияларының әлсіз де болса алғашқы бастамалары болып саналатын дыбыстар шығара білгендіктерін дәлелдейді.

Сөз дамып келе жатқан ойлау үрдісінің барлық функцияларын жүзеге асырып оның сыртқы көрінісін бейнелеуі қажет болды. Көптеген лингвистердің пікірі бойынша, ең алдымен, белгілі бір іс-әрекетті түйсіну, яғни тілдің дамуында бірінші етістіктің түбірлері пайда болды. Сол сияқты, сөздер ғылымда ортақ еңбек үрдісінде атқарылған жұмыстар кезіндегі айтылған дыбыстардан құралған деген гипотеза пайда болды. Бұл гипотеза бойынша, алдымен етістіктердің іс-әрекеттің белгілі бір түріне сәйкес болатын түбірі пайда болған да, кейіннен сөз бен сөйлемдердің басқа мүшелері пайда болған. Неміс антропология М.Мюллердің гипотезасының мәні осылай еді. Дәл осындай жолмен қоғамдық еңбек үрдісінде бірге-бірге



ақыл-ой қалыптасқан болуы керек.

Сонымен қатар, іс-әрекетке қарағанда, объектіні айқындап белгілеу маңыздырақ. Олай болса, зат есімдік түбір, аз мөлшерде болса да, етістіктік номинациямен қатар қалыптасуы қажет болды. Лексиканың құрамын анықтау қиындау – оның гоминидтерде қорек ретінде пайдаланған өсімдіктердің, аулаған аңдарының, еңбек құралдарының аттары, жақын туыстық қатынастарының аталуы сияқты немесе аз ғана қажетті етістіктер жиынтығы болуы мүмкін екендігін жорамалдауға болады. Осы лексиканы пайдалану нәтижесінде белгілі бір іс-әрекеттердің бағытын білдіретін сөздер пайда болуы мүмкін. Алғашқы қоғамдағы ойлаудың жүйелі болмауы, түсініктердің кең мағынасын білдіре алған жоқ. Дегенмен, бірте-бірте тілдің сөздік құрамы ұлғайып, оның операциялық аумағы, яғни тілдің белгілі түсініктер арасындағы қатынастарды неғұрлым дәлірек білдіретін бөлігі дамып, жетіле түскендігін сенімді айтуға болады. Жалпыға бірдей түсінік бойынша, қазіргі заманғы адам түрінің пайда болуына байланысты тілдің дамуы ең жоғары деңгейіне жетіп, оның бүкіл әлем тілдерінің барлығына тән құрылымы түзіліп, қалыптасты.

Ертедегі аңшы, балықшылардың, т.б. бір кездері өте шектеулі болып есептелген лексиканың мұқият зерттеуден кейін өте кең ауқымды екендігі анықталды (Австралиялық аборигендерінің өздерінде ақ – 10 мыңнан аса сөз, яғни кез келген еуропалық тілдерден әлдеқайда көп). Бір ғана етістіктің түрлерінің саны бірнеше жүзге дейін жететінін көптеп кездестіруге болады. Көптеген қарапайым тілдердің тағы бір ерекшелігі – олардың синтаксистерінің жеткіліксіз дамуы. Алайда, бұл мәдени даму деңгейінің төмендігін білдіреді деп тұжырымдау қиын. Өйткені, тіпті ең жоғары дамыған елдер халықтарының ауызша тілінде жеке сөз тіркестері жазба тілге қарағанда өте қысқа болып келеді. XX ғасырдың басында бір белгілі ғалым - лингвист Германиядағы қирханың сөздік қорын зерттеп, бір жыл ішіндегі олардың әртүрлі тіршілік жағдайларында пайдаланатын сөздерінің жалпы саны 400-ден аспайтынын анықтады.

Адамдарда түсінікті сөз сөйлеудің қалыптасуы адамды жануарлардан ажыратудың негізгі де шешуші үрдіс болды. Өйткені, сөздің пайда болуының нәтижесінде жануарларда жоқ түрлі функцияларды атқаратын адам миының үлкен жарты шарлары түбегейлі өзгерді. Бас миының әрбір жарты шарларының ерекшеленіп мамандануы жөнінде көптеген ғалымдар, америкалық нейрофизиологтар Р.У.Спери, Дж.Е.Боген, және М.С.Газзанигалар қыруар ғылыми жұмыстар жасады. Ең алдымен адамның сол көзі мидың оң жарты шарымен, ал оң көзі сол жарты шармен байланысты екендігі дәлелденді. Осыған қоса сол жақ жарты шар рационалдық қызметке де жауап беретіндігі анықталды. Мидың үлкен жартышарларының функционалдық ерекшеленуі тұқым қуаламайды және адамның жаңа туылған кезінде байқалмайды. Алайда кейбір ғалымдардың пікірінше, адамның тез сөйлеп үйрену қабілетін қамтамасыз ететін тұқым қуалайтын механизмдер болуы мүмкін. Жануарлар миының үлкен жарты шарларының қабығы функционалдық жағынан жіктелмеген. Кейбір ғалымдар, адам мен жануарлар арасында тек сандық ерекшеліктер ғана бар деп тұжырымдайды. Дегенмен, бұл пікірді жоққа шығаратын фактілердің бірі маймылдарды сөйлеуге үйретудің ешқандай оң нәтиже бермегендігі. Жануарлар шығаратын түрлі дыбыстар тек қана белгілі бір хабарды ғана білдіріп, мидың қабық асты бөлігі арқылы басқарылады. лкен жарты шарларының қабығы алынып тасталынуы бұл қасиетке ешқандай әсер етпейді.

Бірақ ғалымдардың көпшілігі адамда сөйлеу қасиетіне жауап беретін тұқым қуалаушылық механизмдердің бар екендігі жөніндегі пікірге қарсы. Бұл түсінікті де, себебі, тіл-эволюция нәтижесінде пайда болған және әлеуметтік қарым-қатынастар арқасында дамыған құбылыс. Оның үстіне, сөйлеу мен ойлау үрдістері эволюциясының негізгі факторларының бірі адамның әлеуметтік-еліктеу қабілеті деп саналады. Еліктеу мен ойлау қабілетінің негіздері адамның балалық шағында (5-6 жасында) қалыптасады. Бұдан кейінгі кезеңдерде қалыптасып біткен адам баласынан толыққанды қоғам мүшесін жасау өте қиын. Бұған аңдар арасында өскен балалар туралы мысалдар дәлел бола алады. Сәби кездерінде аңдар арасында өскен балалар, кейіннен адамзат қоғамында ары қарай тәрбиеленгенмен, сөйлеуді де, тіпті дұрыс жүруді де үйрене алмады. Екінші бір адам баласы маймылдар арасында өсіп кейін сөйлеуді де, адам сияқты жүруді де үйрене алмаған. Сондықтан, адам туралы қазіргі заманғы мәліметтерге сүйене отырып, тіл мен ойлаудың негізі адамның әлеуметтік-еліктеуші қызметі деуге болады. Осы дәрісімізді қорытындылай келе, тіл қарым-қатынас түрі ретінде адамның биологиялық эволюциясын жылдамдатқан шешуші фактор болды. Тілсіз эволюцияда аса маңызды жетістіктердің таралуы өте жай болған болар еді. Барлық әлеуметтік жүйелер бір – бірімен хабарлау арқылы байланысады. Тіл жан-жақты байытылған ондаған ғасырлық тәжірибенің - дін, философия, ғылым, өнер және де басқа түйсік формаларының шынайы ағымы болып табылады.

Ал ойлау мен сөйлеудің дамуына қатысты Лев Семенович өз қорытындыларын қысқаша келесідей тұжырымдай келе, ойлау мен сөйлеудің дамуында да осы екі процестің түп тамырының әр түрлі болатындығын, бала сөйлеуінің дамуында интеллекттілікке дейінгі кезеңді, сол сияқты ойлаудың дамуында



“сөйлеуге дейінгі кезенді” айтуға, белгілі уақытқа дейін осы екі даму бір-бірінен тәуелсіз түрде, түрлі жолдармен жүреді, белгілі пункте екі жол қиылысады да, ойлау — сөз түрінде, ал сөйлеу интеллектілі болады деген ғалымның ойларымен қорытындылауға болады.

Осымен дәрісіміз өз мәресіне жетті. Бірнеше зерттеулер мен тұжырымдардың мазмұнына ұласқан дәрісімізді қорыта келе, ойлау мен сөйлеу адамның индивидтік ерекшеліктеріне шартталған сияқты, жеке түрде қалыптасады. Психологияда адамның ойлауы мен сөйлеуінің ерекшеліктері көптеген ғалымдарды толғандырған мәселелердің бірі. Ойлау мен сөйлеуге қатысты әркілы тұжырымдар айтылып, бұл мәселе көптеген ғалымдардың зерттеулеріне ие болды. Осыған орай, психологияда ойлау мен сөйлеуге нақты анықтама беріліп, олардың ерекшеліктері жан – жақты талданды. Ондағы ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс – қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ал сөйлеу дегеніміз – тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізу болып табылады. Ойлау мен сөйлеудің сипаттамаларына қарап – ақ біз олардың арасында ажырамас байланыс барын біле аламыз.

Қосымша әдебиттер:

1. Левитов, Н. Д. Развитие ребенка дошкольного возраста от 2 до 7 лет / Н. Д. Левитов // Левитов Н. Д. Детская и педагогическая психология. – М., 1964.
2. Выготский, Л. С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка / Л. С. Выготский // Вопросы психологии. – 1966.